«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
2026 ж. «05» наурыз
№ N092859 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Дәрілік препаратты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)

Саудалық атауы
Золедрон қышқылы-Келун-Казфарм

Халықаралық патенттелмеген атауы
Золедрон қышқылы

Дәрілік түрі, дозалануы
Инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат, 4 мг/5 мл

Фармакотерапиялық тобы
Сүйек-бұлшықет жүйесі. Сүйек ауруларын емдеуге арналған препараттар. Сүйек құрылымы мен минералдануына ықпал ететін препараттар. Бисфосфонаттар. Золедрон қышқылы.
АТХ коды М05ВА08

Қолданылуы
ДП ересектерде, 18 жастан асқан жасөспірімдерде қолдануға көрсетілген.
- қатерлі ісіктен туындаған гиперкальциемияда (қан сарысуындағы альбумин деңгейі бойынша түзетілген ≥ 12 мг/дл немесе 3 ммоль/л кальций концентрациясы кезінде)
- сүйектегі метастаздармен қатар жүретін қатерлі жаңа түзілімдері бар пациенттердегі сүйек тіні патологиясымен (патологиялық сынулар, омыртқа бағанының компрессиясы, сүйекке жасалған хирургиялық араласымдардан және сәулемен емдеуден кейінгі асқынулар, ісік индукциялаған гиперкальциемия) байланысты симптомдардың профилактикасында.

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі
Қолдануға болмайтын жағдайлар
– золедрон қышқылына, басқа бисфосфонаттарға немесе қосымша

заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық
- бүйректің ауыр жеткіліксіздігі (КК 30 мл/мин аз)
- жүктілік және лактация кезеңі
- балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер

Қолдану кезіндегі қажетті сақтандыру шаралары

- емдеуді бастар алдында және барлық емдеу курсы бойына дегидратация және гиповолемия симптомдарына түзету жүргізу қажет
- тәулігіне 2 л жуық диурезді бүкіл емдеу курсы бойына ұстап тұру ұсынылады.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Золедрон қышқылын ісікке қарсы препараттармен, диуретиктермен (ілмекті диуретиктерді қоспағанда), антибиотиктермен және анальгетиктермен бір мезгілде қолданғанда препараттың клиникалық мәнді өзара әрекеттесулері анықталмаған. Золедрон қышқылы сияқты бисфосфонаттарды аминогликозидтермен, кальцитонинмен немесе ілмекті диуретиктермен қатар қолданғанда сақ болуға кеңес беріледі, өйткені препараттарды бір мезгілде қолдану сарысудағы кальций деңгейінің қажеттісінен ұзаққа созылатын төмендеуіне әкелуі мүмкін. Золедрон қышқылы мен нефроуыттылығы зор басқа препараттарды тағайындағанда сақтық шарасын қадағалау керек. Золедрон қышқылы мен антиангиогендік препараттарды тағайындағанда сақ болу керек, өйткені бұл препараттарды бір мезгілде қолданғанда пациенттерде жақсүйек остеонекрозы жиілігінің артуы байқалды.

Талидомидпен бірге қолданғанда, емдеудің басталуына дейін бүйрек жеткіліксіздігінің жеңіл және орташа дәрежесі бар пациенттерді қоспағанда, Золедрон қышқылының дозасын түзету қажет емес. Талидомидті (тәулігіне 100 немесе 200 мг) Золедрон қышқылымен бір мезгілде тағайындау көптеген миеломасы бар пациенттерде золедрон қышқылының фармакокинетикасы мен креатинин клиренсіне елеулі әсерін көрсетпейді. Алайда, көптеген миеломасы бар пациенттерде талидомидпен бірге золедрон қышқылын енгізгенде бүйрек функциясының бұзылуының даму қаупі жоғарылауы мүмкін.

Арнайы ескертулер

Емдеу басталғаннан кейін қан сарысуындағы кальций, фосфор және магнийдің концентрациясына мұқият мониторинг жүргізу қажет. Золедрон қышқылы бастапқы гипокальциемиясы бар пациенттерде қолданылмайды. Электролиттік теңгерімнің бұзылуы (гипокальциемия, гипомагниемия немесе гипофосфатемия) қысқа мерзімді орнын толтырушы ем жүргізуді қажет етеді. Әр дозасын енгізер алдында бүйрек функциясын анықтау үшін, креатинин концентрациясын анықтау қажет.

Бүйрек жеткіліксіздігі

Қатерлі ісікке байланысты гиперкальциемиясы және бүйрек функциясының нашарлау белгілері бар пациенттер, дәрігер емдеудің ықтимал қауіпінен ықтимал пайдасын бағалағанға дейін мұқият тексеруден өту керек.

Бисфосфонаттарды қолдану кезінде бүйрек функциясының нашарлауы туралы хабарламалар болды. Бүйрек функциясының бұзылу ықтималдылығын арттыратын факторларға дегидратация, бұрын болған бүйрек функциясының бұзылуы, золедрон қышқылының немесе басқа бисфосфонаттардың көп реттік циклдары, сондай-ақ нефроуытты препараттарды қолдану немесе қазіргі ұсынылғаннан гөрі қысқа мерзімді инфузия жүргізу жатады. Золедрон қышқылын кемінде 15 минут ішінде 4 мг дозада енгізген кезде қауіп азайса да, бүйрек функциясы нашарлауы мүмкін. Золедрон қышқылының бастапқы немесе бір реттік дозасын енгізгеннен кейін пациенттерде бүйрек функциясының нашарлауы, бүйрек жеткіліксіздігіне және диализге дейін үдеуі туралы хабарланды. Сарысудағы креатинин деңгейінің жоғарылауы, сүйек тінінің зақымдануымен байланысты симптомдардың туындауын болдырмау үшін препаратты үнемі ұсынылған дозаларда қабылдайтын кейбір пациенттерде де байқалады, бірақ бұл өте сирек кездеседі.

Золедрон қышқылының әрбір дозасын енгізер алдында пациенттердің қан сарысуындағы креатинин деңгейін бағалау қажет. Емдеу басталғаннан кейін бүйрек функциясының жеңіл немесе орташа бұзылуы бар пациенттерге, қатерлі ісікке байланысты гиперкальциемиясы бар пациенттерді қоспағанда, золедрон қышқылының неғұрлым төмен дозалары ұсынылады. Емдеу кезінде бүйрек функциясының нашарлау белгілері бар пациенттерде препаратты қабылдауды, креатинин деңгейі бастапқы мәннен 10% шегінде мәнге оралған кезде ғана жаңартуға болады.

Бүйрек функциясына бисфосфонаттардың әлеуетті әсер етуіне, қауіпсіздігі бойынша ауқымды клиникалық деректердің және фармакокинетикалық деректердің болмауына байланысты бүйрек функциясының ауыр бұзылулары бар пациенттерде золедрон қышқылын қолдану ұсынылмайды

Жақсүйек остеонекрозы

Жақсүйек остеонекрозы негізінен емдеу құрамында бисфосфонаттар, оның ішінде золедрон қышқылы бар онкологиялық пациенттерде хабарланды.

Төтенше медициналық жағдайларды қоспағанда, ауыздың жұмсақ тіндерінің ашық зақымданулары емделмеген пациенттерде, емдеудің басталуын немесе емдеудің жаңа курсын кейінге қалдыру керек. Қатарлас қауіп факторлары бар пациенттерде бисфосфонаттармен емдеу алдында тиісті профилактикамен және пайда/қауіп арақатынасын жеке бағалаумен стоматологиялық тексеру жүргізу ұсынылады.

Жақ остеонекрозының даму қаупін бағалау кезінде келесі қауіп факторларын ескеру қажет:

- бисфосфонаттың тиімділігі (күшті әсер ететін қосылыстар үшін жоғары қауіп), енгізу тәсілі (парентеральді енгізу үшін жоғары қауіп) және бисфосфонаттың кумулятивті дозасы;
- обыр, қатар жүретін аурулар (мысалы, анемия, коагулопатия, инфекция), темекі шегу;
- қатар жүретін ем: химиотерапия, ангиогенез тежегіштері, мойын және басты сәулемен емдеу , кортикостероидтар;

- анамнезіндегі тіс аурулары, ауыз қуысының нашар гигиенасы, парадонт аурулары, инвазивті стоматологиялық емшаралар (мысалы, тісті жұлу) және нашар келтірілген протездер.

Пациенттер ауыз қуысының гигиенасын сақтауы және бисфосфонаттармен емдеу басталғанға дейін тиісті профилактикалық санациямен ауыз қуысын тексеруден өтуі тиіс.

Емдеу кезінде бұл пациенттер мүмкіндігінше инвазивті стоматологиялық емшаралардан аулақ болу керек. Бисфосфонаттармен емдеу кезінде жақсүйек остеонекрозы дамыған пациенттерде стоматологиялық операциялар жағдайды нашарлатуы мүмкін. Бисфосфонаттармен емдеуді тоқтату жақсүйек остеонекрозының даму қаупін төмендетіні немесе төмендетпейтіні туралы стоматологиялық емшараларды қажет ететін пациенттерге қатысты деректер жоқ. Дәрігер, клиникалық баға бере отырып, әрбір пациентке енгізудің пайда және қаупін жеке бағалауға негізделген жоспарды басшылыққа алуы тиіс.

Өзге жерде орналасқан остеонекроз

Сыртқы есту жолының остеонекрозы бисфосфонаттарды қолданғанда, негізінен ұзақ емдеуде тіркелген. Сыртқы есту жолының остеонекрозының даму қаупінің ықтимал факторлары стероидтар мен химиотерапияны және / немесе инфекция немесе жарақат сияқты жергілікті қауіп факторларын пайдалануды қамтиды. Сыртқы есту жолының остеонекрозының даму мүмкіндігін есту жолының созылмалы инфекцияларын қоса, симптомдары бар бисфосфонаттар алатын пациенттерде ескеру керек.

Ортан жіліктің атипиялық сынулары

Бисфосфонаттармен емдегенде, көбінесе остеопороз кезінде ұзақ ем қабылдаған пациенттерде, атипиялық ұршықасты сынулары және ортан жілік сүйегінің диафизінің сыну жағдайлары туралы хабарланған. Көлденең немесе қысқа қиғаш сынулар ортан жіліктің кез-келген бөлігінде, шағын ұршықтан төмен нүктеден бастап және айдаршық үсті кеңеюінен тікелей жоғары нүктемен аяқтай алады. Бұл сынулар ең аз жарақат салдарынан немесе онсыз пайда болуы мүмкін, және кейбір пациенттерде ортан жілік сүйегінің толық сынуы дамығанға дейін бірнеше апта немесе ай бұрын ұршық буыны аймағында немесе шап аймағында ауыру сезімі пайда болуы мүмкін. Сынулар әдетте екі жақты болып табылады; сондықтан золедрон қышқылы препаратымен ем алатын және ортан жілік үйегі диафизінің сынуы пайда болған пациенттерде екінші аяқтың ортан жілік сүйегін бағалауды жүргізу қажет. Сондай - ақ, мұндай сынулар нашар бітеді деп хабарланды. Ортан жілік сүйегінің атипиялық сынуына күдікті пациенттерде қауіп пен пайданы жеке бағалауға бейімделе отырып, золедрон қышқылы препаратымен емдеуді тоқтату мүмкіндігін қарастыру керек. Золедрон қышқылы препаратын алған пациенттерде санның атипиялық сынуы туралы хабарланған. Көптеген жағдайлар остеопороздың ұзақ мерзімді емдеуінде тіркелгенімен, бұл асқыну онкологиялық пациенттерде де байқалды. Патогенез толық түсінілмегеніне қарамастан,

қолда бар деректер жиынтығы атипті сынулардың бисфосфонат емімен ықтимал байланысын көрсетеді.
Пациенттерге препаратпен емдеу кезінде санда, ұршықбуын буынында немесе шапта кез келген ауыру туралы хабарлауды ұсыну қажет. Мұндай симптомдары бар пациенттерді ортан жілік сүйегінің толық емес сынуына тексеру керек.
Бұлшықет ауыруы
Маркетингтен кейінгі зерттеулерде золедрон қышқылы препаратын қабылдаған пациенттерде сүйектердің, буындардың ауыр, кейде мүгедек болатын ауруы және/немесе бұлшықет ауруы туралы хабарланған. Симптомдар басталғанға дейінгі уақыт емдеу басталғаннан бастап бір күннен бірнеше айға дейін ауытқыды. Пациенттердің көпшілігінде емдеу тоқтатылғаннан кейін симптомдар айқындылығының азаюы болды. Осы санаттағы пациенттерде, егер емдеуді сол дәрілік затпен немесе басқа бисфосфонатпен қайта бастаса, симптомдардың қайталануы байқалды.
Гипокальциемия
Золедрон қышқылы препаратын қабылдаған пациенттерде гипокальциемия туралы хабарламалар бар. Гипокальциемия парестезиямен, бұлшықеттің түйілуімен, құрысулармен, тетаниямен және жүрек ырғағының бұзылуымен көріністелуі мүмкін. Ауыр гипокальциемияға қатысты салдарлы жүрек аритмиялары және неврологиялық жағымсыз реакциялар (құрысулар, тетания, гипостезия) туралы хабарланған. Кейбір жағдайларда гипокальциемия өмірге қауіп төндіруі мүмкін.
Препаратты гипокальциемияны тудыратын басқа препараттармен тағайындағанда сақ болу ұсынылады, себебі ауыр гипокальциемияға әкелетін синергиялық әсер болуы мүмкін («Дәрілермен өзара әрекеттесуі» бөлімін қараңыз). Препаратты қолданар алдында қан сарысуындағы кальций деңгейін анықтау және гипокальциемияны түзету керек. Пациенттерге кальций препараттарының және D дәруменінің талапқа сай дозаларын қабылдау керек.
Препарат құрамында натрий бар
Бұл дәрілік препараттың құрамында бір дозада 1 ммольден аз натрий (23 мг) бар, яғни іс жүзінде «натрийсіз» дәрі болып табылады. Алайда, егер препаратты енгізер алдында сұйылту үшін ас тұзының ерітіндісі (0,9% натрий хлориді ерітіндісі м/көл) қолданылса, онда алынған натрий дозасы жоғары болады.

Педиатрияда қолдану
1 жастан 17 жасқа дейінгі балаларда золедрон қышқылының қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған.
Жүктілік немесе лактация кезінде
Жүктілік және лактация кезінде препаратты қолдануға болмайды.
Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Препараттың автокөлікті басқару және механизмдерді пайдалану қабілетіне әсеріне қатысты зерттеулер жүргізілмеген, алайда зейін қою мен психомоторлық реакциялардың төмендеуіне әкелуі мүмкін жүйке жүйесі тарапынан жағымсыз әсерлер (бас айналу, ұйқышылдық) дамығанда сақ болу керек.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Дозалау режимі

Қатерлі ісікпен байланысты гиперкальциемияны емдеуде

Ересектер мен егде жастағы пациенттер

Гиперкальциемия (альбумин деңгейі бойынша түзетілген кальций концентрациясы > 12 мг/дл немесе 3 ммоль/л) кезінде препараттың ұсынылатын дозасы инфузияға арналған ерітіндімен (100 мл 0,9% натрий хлориді ерітіндісі немесе 5% глюкоза ерітіндісі) сұйылтылған 4 мг құрайды, ол вена ішіне енгізілетін кемінде 15 минуттық бір реттік инфузия түрінде тағайындалады.

Золедрон қышқылы-Келун-Казфарм препаратын енгізгенге дейін пациенттегі гидратация дәрежесіне баға беру керек. Пациенттің гидратациясы талапқа сай болған жағдайда, инфузия жүргізіледі.

Сүйектегі метастаздармен қатар жүретін қатерлі жаңа түзілімдері бар пациенттердегі сүйек тінінің патологиясымен (патологиялық сынулар, омыртқа бағанының компрессиясы, сүйекке жасалған хирургиялық араласымдардан және сәулемен емдеуден кейінгі асқынулар, ісік индукциялаған гиперкальциемия) байланысты симптомдардың профилактикасы

Қаңқа тарапынан асқынулардың профилактикасы мақсатында сүйек метастаздары бар пациенттерді емдеу туралы шешім қабылдағанда емдеудің әсері 2-3 айдан кейін болатынын ескеру қажет.

Ересектер мен егде жастағы пациенттер

Ұсынылатын дозасы – 4 мг Золедрон қышқылы-Келун -Казфарм препараты. Концентрат 100 мл 0,9% натрий хлориді ерітіндісінде немесе 5% глюкоза ерітіндісінде сұйылтылуы тиіс. Әр 3-4 апта сайын вена ішіне енгізілетін кемінде 15 минуттық инфузия түрінде тағайындалады.

Препаратты ол арқылы басқа дәрілік препараттар енгізілмейтін жеке инфузиялық жүйенің көмегімен жеке ерітінді түрінде енгізу керек.

Гиперкальциемиясы жоқ пациенттер күнделікті 500 мг кальций мен 400-500 ХБ D дәруменін қабылдауды қамтитын талапқа сай орын басушы емді қабылдауы тиіс.

Бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттерде қолданылуы

Қатерлі ісіктен туындаған гиперкальциемия кезіндегі бүйрек жеткіліксіздігінде

Бүйректің айқын жеткіліксіздігі бар пациенттердегі қатерлі ісіктен туындаған гиперкальциемияны Золедрон қышқылы-Келун-Казфарм препаратымен емдеуді, тек аталған емнің қаупі мен пайдасына баға бергеннен кейін ғана тағайындау керек. Қатерлі ісіктен туындаған гиперкальциемиясы бар,

сарысудағы креатинин деңгейі <400 мкмоль/л немесе <4,5 мг/дл пациенттерде дозасын түзету қажет емес.
Сүйектердің зақымдануымен жүретін асқынған қатерлі жаңа түзілімдері бар пациенттердегі сүйек тінінің патологиясымен байланысты симптомдардың профилактикасы кезіндегі және сүт безі обырының бастапқы сатысындағы менопауза кезеңінен кейінгі, ароматаза тежегіштерімен ем қабылдап жүрген әйелдердегі сүйектердің сынулары мен резорбциясының профилактикасы кезіндегі бүйрек жеткіліксіздігі.
Көптеген миеломасы немесе ауқымды ісіктер кезіндегі сүйектердің метастаздық зақымдануы бар пациенттерді, сондай-ақ менопауза кезеңінен кейінгі, сүт безі обырының бастапқы сатысындағы, ароматаза тежегіштерімен ем қабылдап жүрген әйелдерді емдеуді бастар алдында, сарысудағы креатинин деңгейі мен креатинин клиренсін анықтап алу керек. Креатинин клиренсін сарысудағы креатинин деңгейінің негізінде Кокрофт-Голт формуласы бойынша есептеп шығарады. Золедрон қышқылы-Келун-Казфарм емдеу басталғанға дейін бүйректің айқын жеткіліксіздігін бастан өткерген, ол кезде креатинин клиренсі < 30 мл/минут болған пациенттерге ұсынылмайды.
Сүйекте метастаздары бар пациенттерге және менопауза кезеңінен кейінгі сүт безі обырының бастапқы сатысындағы, ароматаза тежегіштерімен ем қабылдап жүрген, Золедрон қышқылымен емдеу басталғанға дейін жеңіл немесе орташа бүйрек жеткіліксіздігі болған (анықталған креатинин клиренсі 30-60 мл/мин) әйелдерге, препараттың келесі дозалары ұсынылады:

Бастапқы креатинин клиренсі (мл/мин)	**Препараттың ұсынылатын дозасы ***
> 60	4,0 мг
50-60	3,5 мг
40-49	3,3 мг
30-39	3,0 мг

Емдеу басталғаннан кейін қан сарысуындағы креатинин деңгейін Золедрон қышқылы-Келун-Казфарм препаратының әр дозасын енгізер алдында өлшеп отыру керек. Бүйрек функциясының клиникалық маңызды нашарлауы дамыған кезде емдеуді тоқтату керек. Препаратпен емдеуді емдеуші дәрігердің қарауы бойынша бүйрек функциясы қалыпқа келгеннен кейін ғана қайта бастау керек.
Препараттың азайтылған дозаларын дайындау жөніндегі нұсқаулар
Қажетті сұйық концентраттың тиісінше мөлшерін алыңыз:
4,4 мл - 3,5 мг дозасы үшін
4,1 мл - 3,3 мг дозасы үшін
3,8 мл - 3,0 мг дозасы үшін
Концентраттың өлшеп алынған мөлшерін 100 мл стерильді 0,9% натрий хлориді немесе 5% глюкоза ерітіндісінде сұйылту қажет. Инфузияға

арналған дайын ерітіндіні вена ішіне кемінде 15 минут енгізілетін бір реттік инфузия түрінде енгізу керек.
Салқындатылған ерітіндіні қолданар алдында оны алдын ала бөлме температурасына жеткенше ұстау қажет.

Артық дозалану жағдайында қабылдануы қажетті шаралар

Золедрон қышқылының жедел артық дозалануының клиникалық тәжірибесі шектеулі. Золедрон қышқылын қателесіп 48 мг-нан жоғары мөлшерде тағайындау туралы хабарламалар келіп түсті. Ұсынылған дозадан жоғары дозаларды алған пациенттер бүйрек функциясының (бүйрек жеткіліксіздігін қоса алғанда) және электролиттік құрамның (оның ішінде қан плазмасындағы кальций, фосфаттар мен магний концентрацияларының) бұзылуы байқалатындықтан мұқият бақылануы тиіс. Гипокальциемия жағдайында кальций глюконаты инфузиясын клиникалық көрсеткіштерге сәйкес тағайындау керек.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медицина қызметкерінің кеңесіне жүгіну бойынша нұсқаулар

Золедрон қышқылымен ем тағайындауды және бақылауды бифосфонаттарды вена ішіне қолдану тәжірибесі бар дәрігерлер ғана жүргізуі тиіс.

ДП стандартты қолдану кезінде көрініс беретін жағымсыз реакциялар сипаттамасы және осы жағдайда қабылдау керек шаралар

Қауіпсіздік бейінін шолу

Препаратты қолданғаннан кейін үш күн ішінде сүйектің ауыруы, қызба, жалпы дімкәстік, артралгия, миалгия, қалтырау және кейіннен буындардың ісінуімен артритті қоса, жедел фазадағы реакция симптомдары дамуы мүмкін; әдетте бұл симптомдар бірнеше күн ішінде басылады.

Жағымсыз құбылыстардың жиілігін анықтау келесі критерийлерге сәйкес жүргізіледі: өте жиі (≥ 1/10), жиі (≥1/100-ден < 1/10-ға дейін), жиі емес (≥ 1/1000-нан < 1/100-ге дейін), сирек (≥1/10000-нан < 1/1000-ға дейін), өте сирек (< 1/10000), белгісіз (қолда бар деректер негізінде бағалау мүмкін емес)

Өте жиі: гипофосфатемия

Жиі: анемия; бас ауыруы; конъюнктивит; жүрек айну; құсу; тәбеттің төмендеуі; сүйектің ауыруы; миалгия; артралгия; бүйрек функциясының бұзылуы; қан сарысуындағы креатинин мен мочевина концентрациясының жоғарылауы; гипокальциемия

Жиі емес: тромбоцитопения; лейкопения; аса жоғары сезімталдық реакциялары; мазасыздық; ұйқының бұзылуы; бас айналу; парестезия; дисгевзия; гипестезия; гиперестезия; тремор; ұйқышылдық; көрудің «бұлыңғырлығы»; артериялық гипертензия; артериялық гипотензия; талуға немесе коллапсқа әкелетін жүрекше фибрилляциясы; ентігу; жөтел; бронхтың түйілуі; диарея; іш қату; іштің ауыруы; диспепсия; стоматит; ауыздың құрғауы; қышыну; бөртпе (эритематозды және макулезді қоса);

қатты терлеу; жақ некрозы; бұлшықеттің құрысулары; бүйректің жедел жеткіліксіздігі; гематурия; протеинурия; астения; шеткері ісіну; енгізу орнындағы реакция (ауырсыну, тітіркену, ісіну, тығыздалу, қызару); кеуде қуысының ауыруы; дене салмағының жоғарылауы; анафилаксиялық реакция/шок, есекжем; гипомагниемия; гипокалиемия; склерит, орбитаның қабынуы
Сирек: панцитопения; ангионевроздық ісіну; сананың шатасуы; увеит; брадикардия; жүрек аритмиясы (гипокальциемия салдарынан дамитын); өкпенің интерстициялық ауруы; жүре пайда болған Фанкони синдромы; артрит; буындардың ісінуі; гиперкалиемия; гипернатриемия
Өте сирек: құрысулар; гипестезия және тетания (гипокальциемия нәтижесінде дамитын); эписклерит; сыртқы есту жолының остеонекрозы (бисфосфонаттар класының жағымсыз реакциясы) және ортан жілік сүйегі мен ұршық буынын қоса, басқа анатомиялық аймақтар.
Белгісіз: бүйректің қабынуы (тубулоинтерстициялық нефрит): белгілер мен симптомдарға несеп көлемінің төмендеуі, қан аралас несеп, жүрек айну, жалпы дімкәссіздік кіруі мүмкін.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындағанда медициналық қызметкерге, фармацевтикалық қызметкерге немесе, дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға болатын жағымсыз реакциялар (әсерлер) жөніндегі ақпараттық деректер базасына тікелей хабарласу керек:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
http://www.ndda.kz

Қосымша мәліметтер
Дәрілік препараттың құрамы
Бір құтының ішінде
белсенді зат – 4 мг золедрон қышқылы
(4.264 мг золедрон қышқылы моногидраты түрінде)
қосымша заттар: маннитол, натрий цитраты, инъекцияға арналған су.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы
Мөлдір ерітінді

Шығарылу түрі және қаптамасы
5 мл препараттан I типті түссіз шыныдан жасалған, резеңке тығыны бар, алюминий қалпақшамен бекітілген және көк түсті алынып-салынатын пластмасса қақпағы бар құтыларда.
1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

Сақтау мерзімі

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

30 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

Өндіруші туралы мәлімет

«Kelun-Kazpharm» (Келун-Казфарм) ЖШС, Қазақстан, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Елтай а/о, Көкөзек ауылы, 1147 үй, тел/факс: 8 (727) 312-14-01, e-mail: kelun_reg@mail.ru

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«Kelun-Kazpharm» (Келун-Казфарм) ЖШС, Қазақстан, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Елтай а/о, Көкөзек ауылы, 1147 үй, тел/факс: 8 (727) 312-14-01, e-mail: kelun_reg@mail.ru

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасы бойынша шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың қауіпсіздігін тіркеуден кейінгі бақылауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта)

«Kelun-Kazpharm» (Келун-Казфарм) ЖШС, Қазақстан, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Елтай а/о, Көкөзек ауылы, 1147 үй, тел/факс: +7 771 588 72 17 , e-mail: kelun_farmakonadzor@mail.ru

УТВЕРЖДЕНА
Приказом Председателя
РГУ «Комитет медицинского и
фармацевтического контроля
Министерства здравоохранения
Республики Казахстан»
от «05» март 2026 г.
№ N092859

Инструкция по медицинскому применению лекарственного препарата(Листок-вкладыш)

Торговое наименование
Золедроновая кислота-Келун -Казфарм

Международное непатентованное название
Золедроновая кислота

Лекарственная форма, дозировка
Концентрат для приготовления раствора для инфузий, 4 мг/5 мл

Фармакотерапевтическая группа
Костно-мышечная система. Препараты для лечения заболеваний костей. Препараты, влияющие на структуру и минерализацию костей. Бисфосфонаты. Золедроновая кислота.
Код АТХ М05ВА08

Показания к применению
ЛП показан к применению у взрослых, подростков в возрасте от 18 лет.
- гиперкальциемия, вызванная злокачественной опухолью (при концентрации кальция в сыворотке крови с коррекцией по уровню альбумина ≥ 12 мг/дл или 3 ммоль/л);
- профилактика симптомов, связанных с патологией костной ткани (патологические переломы, компрессия позвоночного столба, осложнения после хирургических вмешательств на костях и лучевой терапии, опухоль-индуцированная гиперкальциемия), у пациентов со злокачественными новообразованиями, сопровождающимися метастазами в кости.

Перечень сведений, необходимых до начала применения
Противопоказания
- гиперчувствительность к золедроновой кислоте, другим бисфосфонатам или к любому из вспомогательных веществ
- тяжелая почечная недостаточность (КК менее 30 мг/мин)
- беременность и период лактации

- детский и подростковый возраст до 18 лет

Необходимые меры предосторожности при применении

- перед началом лечения и на протяжении всего курса лечения необходимо проводить коррекцию симптомов дегидратации и гиповолемии
- рекомендуется поддерживать диурез около 2 л/сут на протяжении всего курса лечения.

Взаимодействия с другими лекарственными препаратами

При одновременном применении золедроновой кислоты с противо-опухолевыми препаратами, диуретиками (за исключением петлевых диуретиков), антибиотиками и анальгетиками не было выявлено клинически значимых взаимодействий препарата. Рекомендуется соблюдать осторожность при применении бисфосфонатов, таких как золедроновая кислота, параллельно с аминогликозидами, кальцитонином или петлевыми диуретиками, поскольку одновременное применение препаратов может приводить к более длительному, чем необходимо, снижению уровня кальция в сыворотке. Следует соблюдать осторожность при назначении золедроновой кислотыи других потенциально нефротоксичных препаратов. Следует соблюдать осторожность при назначении золедроновой кислоты и антиангиогенных препаратов, т.к. при одновременном применении этих препаратов у пациентов наблюдалось увеличение частоты остеонекроза челюсти.

При совместном применении с талидомидом коррекция дозы золедроновой кислотыне требуется, за исключением пациентов с легкой и умеренной степенью почечной недостаточности до начала лечения. Одновременное назначение талидомида (100 или 200 мг в сутки) с золедроновой кислотойне оказывает значительного влияния на фармакокинетикузоледроновой кислоты и клиренс креатинина у пациентов с множественной миеломой. Однако у пациентов с множественной миеломой возможно повышение риска развития нарушений функции почек при введении золедроновой кислоты в комбинации с талидомидом.

Специальные предупреждения

После начала терапии необходим тщательный мониторинг концентрации кальция, фосфора и магния в сыворотке крови. Золедроновая кислота не применяется у пациентов с исходной гипокальциемией. Нарушение электролитного баланса (гипокальциемия, гипомагниемия или гипофосфатемия) требует проведения кратковременной восполняющей терапии.

Перед введением каждой дозы необходимо определение концентрации креатинина для определения функции почек.

Почечная недостаточность

Пациенты с гиперкальциемией, обусловленной злокачественной опухолью, и признаками ухудшения функции почек должны быть тщательно обследованы до оценки врачом потенциальной пользы от лечения над возможным риском.

Имели место сообщения об ухудшении почечной функции при применении бисфосфонатов. Факторы, увеличивающие возможность нарушения почечной функции, включают дегидратацию, ранее существующее нарушение функции почек, многократные циклы золедроновой кислоты или других бисфосфонатов, а также применение нефротоксичных средств или проведение инфузии в более короткое время, чем в настоящее время рекомендуется. Хотя при введении золедроновой кислоты в дозе 4 мг в течение не менее 15 минут риск уменьшается, ухудшение функции почек возможно. Сообщалось об ухудшении почечной функции, прогрессировании до почечной недостаточности и диализа у пациентов после введения начальной или однократной дозы золедроновой кислоты. Повышение уровня креатинина в сыворотке наблюдается также у некоторых пациентов, постоянно принимающих препарат в рекомендованных дозах для предотвращения возникновения симптомов, связанных с поражением костной ткани, хотя это происходит довольно редко.

Перед введением каждой дозы золедроновой кислоты необходимо оценивать у пациентов уровни креатинина в сыворотке крови. После начала лечения пациентам с незначительным или умеренным нарушением функции почек, за исключением пациентов с гиперкальциемией, обусловленной злокачественной опухолью, рекомендуются более низкие дозы золедроной кислоты. У пациентов с признаками ухудшения почечной функции во время лечения, прием препарата можно возобновлять только тогда, когда уровень креатинина вернется к значению в пределах 10 % от исходной величины.

